

мультимедиалық бағдарламаларды тиімді және кеңінен қолдану, елдегі ақпараттық инфрақұрылымды әлемдік білім берумен ықпалдастыру, білім беру ұйымдарының байланыстарын нығайту болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Қазақстан мектебі. 2004. №2. -4-16 бб.
2. Каланова Ш.М. Информационные технологии персонификации в системе высшего профессионального образования. Дисс...д.п.н./М.:МГПУ, 1999.
3. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. докт. ... автореф.: 13.00.08. – Қарағанды, 2005. – 40 б.
4. Сарсекеев Б.С. Новые подходы к организации учебно-воспитательного процесса в вузе// Подготовка учительских и научно-педагогических кадров в условиях негосударственного сектора образования: Сборник международной научно-практической конференции. – Астана, 2003. – С. 143-147.

Бегасилова А.Е., Тенгаева А.А., Ордабаева Г.К.

ПРОГРАММНЫЕ УСТРОЙСТВА В СОЗДАНИИ ИНФОРМАЦИОННУЮ СИСТЕМУ

В работе рассматриваются программные средства при построении информационных систем. Показано примерный модель в среде ERWin.

Begasilova A.E., Tengaeva A.A., Ordabaeva G.K.

SOFTWARE TOOLS IN THE CONSTRUCTION OF INFORMATION SYSTEMS

This paper considers the creation of software for information systems. Displaying exemplary model in the mid ERWin.

ӘОЖ 37.013

Бектурганова Ж.М., Молдасан Қ.Ш.

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҮРҒЫСЫНАН ОҚЫТУ– БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ҮРДІС

Аңдатпа

Мақалада құзыреттілік түрғысынан оқыту және оның тілдік пәндерді оқытудағы мәні мен рөлі, тұлғаның кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың әлеуметтік шарттары туралы айтылады. «Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарына талдау жасалады, құзыреттіліктердің мазмұны мен құрылымы қарастырылады. Түрлі әлем елдерінің тәжірибесіндегі құзыреттіліктердің мазмұны мен түрлеріне сипаттама беріліп, қазақстандық тәжірибе нәтижелері беріледі.

Кілт сөздер: құзырет, құзыреттілік, тілдік пәндер, әлеуметтік-этикалық құзырет, лингвистикалық құзыреттілік, мәдениетаралық коммуникация.

Кіріспе

Білім беру өркениетті әрі дамыған қоғам құрудың пәрменді құралы болып табылады. Елбасының «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында білім беру елдің дамуының ең маңызды басымдықтарының бірі ретінде белгіленгені мәлім. Бүгінде бұл бағытта көптеген реформалар басталып та кетті. Ондағы мақсат білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Осыған сәйкес Қазақстанның білімі мен ғылымын басқарудың, ұйымдастырудың және жетілдірудің нормативтік базасы жаңартылды. Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Онда жоғары білім беру жүйесінің маңызы мен орнына ерекше басымдық берілген. «Жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады» деп көрсетілген. Сондай-ақ, еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттерін, жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу мақсатында жоғары білімнің еуропалық аймағына кіруді қамтамасыз ету міндеті де айқындалған[1].

Құзыреттілік тұрғысынан оқытудың маңыздылығы мен өзектілігі осы өзгерістермен және қажеттіліктермен түсіндіріледі.

Құзыреттілік ұғымының еліміздің білім беру саласында белсенді түрде қолданыла бастағанына көп бола қойған жоқ. Әйтсе де, Webster сөздігіне сүйенетін болсақ, бұл ұғымның алғаш пайда болуы 1596 жылға келеді. Бірақ ол білім беру ісінде ғылыми айналымға бірден ене қойған жоқ. Құзыреттілік ұғымы аясындағы мәселелер көп уақытқа дейін «сауаттылық» ұғымымен байланысты қарастырылып келді. Алайда оқу және жазу біліктіліктерімен ғана шектелген ұғым ретінде танылып, кейін ол күнделікті өмір сүруге қажетті тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу, математикалық біліктер, ақпаратпен жұмыс істеуге қатысты біліктіліктерден тұратын «базалық білімдердің» жиынтығын білдіретін ұғым ретінде анықталды. Осыған байланысты XX ғасырдың 70-жылдары «функционалдық сауаттылық» ұғымы кеңінен қолданыла бастады. Бұл ұғым сауаттылықтың еңбек өнімділігімен, әлеуметтік-экономикалық дамумен өзара байланыстылығын және сауаттылықтың түрлі әлеуметтік және мәдени контексте қолданылатынын көрсетті. Сондай-ақ «функционалдық сауаттылық» ұғымы қоғам өмірінің тез өзгермелі ағымына ілесуге қажетті біліктіліктермен байланысты қолданылып, 1980-1990 жылдары оның ауқымы кеңейе түсті. Осы жылдары сауаттылық жаһандану, жаңа технологиялар мен ақпарат құралдарының ықпалы, білім индустриясы ұғымдары аясында қарастырыла бастады. Осы жылдары «ақпараттық сауаттылық», «компьютерлік сауаттылық» сияқты ұғымдар қалыптасты [2; 9-17].

1990 жылы ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ т.б. ұйымдардың қатысуымен сауаттылықты қалыптастыруға байланысты қабылданған «Барлық адамдарға арналған білім туралы дүниежүзілік Декларацияда» сауаттылық әр баланы, жасты, ересек адамды оқытудағы базалық қажеттіліктерді қанағаттандыру деп, кең мағынада қарастырылады [2; 9-17]. Одан кейінгі халықаралық ұйымдардың өткізген талқылауларында да сауаттылық адамның бүкіл өмірінің (белгілі бір уақыт көлеміндегі емес) мәні, сол себепті де ол әрбір баланың, жастың, ересек адамның өмірлік маңызы бар білік-дағдыларды игеруі үшін қажет деп көрсетіледі. Бұл біліктер әр адамға ХХІ ғасырда алдынан шығатын кез келген қиындықтарға төтеп беруіне мүмкіндік беретіні айтылады. Ендігіде сауаттылық білім беретін қоғам құру аясында ауқымды көлемде қарастырыла бастады. Бұл тіл саясаты,

кітап шығару ісі, ақпарат және байланыс құралдары, оқытудың жаңа қырларын анықтауға қатысты мәселелерге қозғау салды.

Зерттеу мақсаты

Ғылыми айналымға жаңадан еніп, кеңінен қолданыла бастаған «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарына талдау жасау арқылы қазіргі білім беруде қолданылып жүрген құзыреттер мен құзыреттіліктердің жүйесін анықтау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу бойынша педагогикалық ғылыми әдебиеттерге, зерттеулерге, осы бағыттағы құжаттарға талдау жасау, салыстыру, жүйелеу, тұжырымдар шығару.

«Құзыреттілік» ұғымының ғылыми айналымға енуі американдық ғалым Н. Хомскийдің есімімен байланысты. Н. Хомскийдің теориясында құзыреттілік сөйлеу әрекетіне негіз болатын ережелердің когнитивтік жүйесі ретінде танылады. Лингвистикалық құзыреттілік дегеніміз тіл және оны қолдану туралы ережелердің жиынтығынан тұратын білімдерді білдіреді. Сөйлеу барысында адам қандай да бір қателіктерді жібереді, қате қолданыстарға, ауытқуларға жол беріп, тілдік құзыреттілігінде ақау барын көрсетеді. Бұл теория қалың көпшіліктің назарын аударғанын, нәтижесінде ол лингвистиканың аясынан шығып, білім беруге қатысты мәселелерде ғылыми қолданысқа енді [3].

Құзыреттілік ұғымының аясы осыдан кейін кеңейе түспесе, ортайған жоқ. Оның түрлері де күрт өскені байқалады. ХХ ғасырдың 70 жылдарынан бергі кезеңде құзыреттілік тұрғысынан оқыту теориясы да біртіндеп қалыптаса бастады деуге болады.

Жоғары білім туралы ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандартында құзыреттілік деп «білім алушылардың оқыту үдерісі кезінде алған білімін, білігі және дағдысын кәсіби қызметте қолдана алу қабілеті» танылады [1]. Халықаралық құжаттарда да құзыреттілік нақты өмір жағдайларындағы мәселелерді шешу қабілетін белгілейтін синтетикалық ұғым ретінде анықталады.

Т.М. Коралеваның айтуынша, жалпы құзыреттілік кәсіби саланың сұранысын қанағаттандыру мақсатында қоғамдық ортада пісіп жетілген қажеттілік нәтижесі болып табылады.

Дж. Равеннің ойларынан, құзыреттілік әлеуметтік маңызы бар салада сәттілікке, жетістікке жету жолдары дегенді ұғуға болады: «Компетентность – это жизненный успех в социально значимой области». Бұл ретте ғалым құзыреттіліктің сан алуан болып келетінін айтып, оның 37 компоненттен тұратынын көрсетеді [4].

С. Шишов пен В. Кальнейдің ойларына, құзыреттілік білім мен жағдаятты байланыстыра білу, білімді қандай да бір өмірлік шешімдерді қабылдауда қолдана алу болып табылады [5].

Құзыреттілік пен құзырет ұғымы екеуі бір емес. «Құзыреттілік» латын тілінен аударғанда «competentia» адамның өзі білетін саласы бойынша белгілі бір мәселе төңірегіндегі білімдерінің, тәжірибелерінің жиынтығы дегенді білдіреді. А. Хуторской бұл ұғымға осы бастапқы мағынаны негіз етеді де оны оқушының бейімділігі, икемділік пен дағды деп түсіндіреді: «құзыреттілік практикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті қабілет» [6]. Ал практикалық іс-әрекетті орындау үшін оның сол туралы түсінігі болуы тиіс, алдындағы проблемалар мен міндеттерді жедел шешуге қажетті соған сәйкес ойлау қабілеті болуы тиіс. «Құзыреттің» «құзыреттіліктен» айырмашылығы да осында: «құзырет үйренушінің алған білімдері мен білік, дағдыларын, әрекет ету әдістерін практикалық және теориялық мәселелерді шешуде қолдануға дайындығы». Ғалымның пайымдаулары құзыреттіліктің басты шарты қандай да бір құзыреттердің, басқаша айтқанда дайындығының болуы дегенге саяды: «компетенция ... уже состоявшееся личностное качество (совокупность качеств) и минимальный опыт по отношению к деятельности в заданной сфере». Демек, құзыреттілік дегеніміз жеке тұлғадан қоғам талап етіп отырған біліктіліктердің жиынтығы деп айтуға болады. Ал құзырет дегеніміз жеке тұлғаның

дербес дамуын неғұрлым тиімді және сапалы қамтамасыз ете алатын білімдерінің жиынтығы.

Құзыреттілік тұрғысынан оқыту адамға бейтаныс жағдайда жаңа проблемаларды шешудің жолдарына үйретуі тиіс, сөйтіп күрделі динамикалық ортада қызмет етуге қабілетті болуын қамтамасыз ете алуы қажет. Сол себепті де болашақта қажетті әрі кез келген жағдайда қолдануға болатын біліктіліктерге үйрету аса маңызды. Осыған байланысты білім беруде түрлі біліктіліктерді үнемі дамытып отыруға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктерді анықтау ерекше маңызды. Негізгі құзыреттіліктер дегеніміз – әрбір адамның жеке өмірде және еңбекте өзін-өзі толық іске асыруына, азаматтық белсенділік танытып, қоғам өміріне араласуына қажетті білімдер мен қабілеттердің және қатынастардың көпфункционалды пакеті немесе жиынтығы болып саналады.

А. Хуторский негізгі құзыреттіліктерді анықтау келесі 4 сатыдан тұрады деп көрсетеді:

1. Негізгі компоненттердің әр пәнде орын алуы, яғни барлық пәнге ортақ құзыреттіліктерді және олардың қосатын үлесін анықтау.

2. Құзыреттіліктерді әр пәнге қарай жүйелеу.

3. Негізгі құзыреттіліктерді білім алудың барлық үш сатысына (мектепке дейінгі, мектеп, жоғары оқу орны) тиісінше тігінен жобалау.

4. Әр үш сатыға тиесілі анықталған құзыреттіліктерді пәндермен байланыстыру және оның білім стандарттары мен оқу бағдарламаларында, оқулықтар мен әдістемелік оқулықтарда берілуін қадағалау.

1996 жылы Бернде өткен Еуропа Кеңесінің симпозиумында Еуропа жастарына қажетті мынадай негізгі құзыреттіліктер көрсетілген болатын: әлеуметтік, мәдениетаралық, коммуникативтік немесе қатысымдық, ақпараттық-технологиялық, оқу-кәсіби. Осылардың ішінде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін игермеген адамдарға әлеуметтік оқшаулану қаупі бары айтылды.

Ал 2006 жылы Брюссельде өткен Еуропа Кеңесінің кезекті сессиясында білім мен ғылымға негізделген қоғамға, қоғам азаматтарына қажетті басты құзыреттіліктердің сегіз түрі көрсетілген еді:

-өзінің туған тілінде қарым-қатынас жасау;

-шет тілінде қарым-қатынас жасау;

-математикалық құзыреттілік және ғылым мен технологияға қатысты базалық құзыреттіліктер;

-сандық технологияларға қатысты құзыреттіліктер;

-оқуға қабілеттілік;

-әлеуметтік және азаматтық құзыреттіліктер;

-бастамашылдыққа және кәсіпкерлікке қабілеттілік;

-мәдени құзыреттілік [2].

Аталған құзыреттіліктердің ішінде шет тілінде қарым-қатынас жасау мәселесі халықаралық деңгейде түпкілікті қолға алынғаны белгілі. Шет тілдерінің тілдік портфелінің жасалуы, тілдік деңгейді анықтауға байланысты түрлі тестілеу түрлерінің пайда болуы осы бағыттағы үлкен жетістіктер. Ал өзінің туған тілінде қарым-қатынас жасау құзыреттілігі әр елдің өзінің ішкі мәселесі ретінде қалып отыр.

Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру моделіне арналған жобадан математикалық, ғылыми және технологиялық, жеке және тұлғалық, мәдени және азаматтық, еңбек ету және кәсіпкерлік құзыреттіліктердің қатарында қатысымдық құзыреттілік ең бірінші орында тұр. Мұндағы қатысымдық құзыреттілік ұғымына мынадай мазмұн берілген:

-әр түрлі қарым-қатынас жасау құралдарын қолдана алу;

-көркем және қолданбалы өнерді меңгеру;

-жазылым, оқылым, тыңдалым және сөйлесімге үйрену;

-ақпаратты табу, таңдау, бағалау және түсіндіру;

-қарым-қатынас жасауға қатысты практикалық мәселелер мен міндеттер [7].

М.Ж. Жадрин да білім мазмұнына тірек болатын маңызды құзыреттіліктерді айқындап алудың қажеттілігін көрсетеді [8]. Орта мектеп пен жоғары мектептегі құзыреттіліктердің басымдылығы бірдей емес. А. Хуторский орта мектепте қалыптасатын құзыреттіліктер оқушының танымдық, шығармашылық, іс-әрекеттік (методологиялық), қатысымдық, дүниетанымдық жеке сапаларын дамытуға негіз болуы керектігін айтады. Бұлардан басқа орта мектептің үлесіне тиесілі әлеуметтік, саяси, мәдениетаралық, ақпараттық құзыреттіліктер туралы да айтылып жүр. А. Хуторский жоғары оқу орнында қалыптасуы тиіс ең негізгі құзыреттіліктердің қатарына интеллектуалдық құзыреттілікті жатқызады. Оның ойынша, интеллектуалдық құзыреттілік – топтастыру, жинақтау, зерттеліп отырған құбылыстың маңызды белгілерін ажырата алу, ақыл-ойдың икемділігі, креативтілігі, тездігі, т.б. Ойдың икемділігі адамның тез әрекет етуіне, қалыптан тыс жағдайлардан тез арада шығуға, жауапты әрі ұтымды шешім қабылдауға көмектеседі [9].

Жеке тұлғаның құзыреттілігі бір ғана оқу-таным әрекетінің көрсеткіші емес, ол аксиологиялық, рефлексиялық, уәждік, танымдық, этикалық, әлеуметтік т.б. күрделі құрылымдардан тұрады. Ол тек бір ғана пәннің шеңберінде емес, тұтас оқу үдерісінің нәтижесінде қалыптасады. Әр пән оған өзінше үлес қосады. Сол себепті құзыреттіліктердің 1) негізгі, 2) пәнаралық, 3) пәндік ерекшеліктері ажыратылады. Негізгі құзыреттіліктер барлық пәндерге ортақ болса, пәнаралық құзыреттіліктер белгілі бір нақты пәндердің үлесіне тиесілі. Пәндік құзыреттіліктер тек бір ғана пәннің шеңберінде шешілуі тиіс.

Жоғары білім туралы ҚР мемлекеттік жалпыға білім беру стандартында құзыреттілік оқытудың нәтижелері арқылы көрінеді және құзыреттілікті құрайтын мынадай қабілеттердің болуы қарастырылған:

– сол саладағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қосқанда, оқыған саласы бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу;

– осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу;

– дәйектемелер құрастыру және оқыған саласындағы проблемаларды шешу;

– әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажет ақпараттарды жинау және интерпретациялауды жүзеге асыру;

– ақпараттарды, идеялар, проблемалар және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де хабарлау.

Сондай-ақ құжатта жоғары білімнің жалпы компетенциялары жалпы білімділікке, әлеуметтік-этикалық құзыреттерге, экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне, арнаулы құзыреттерге қойылатын талаптар негізінде қалыптасады делініп, осының ішінде әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын мынадай талаптар көрсетіледі:

– қоғамдық пікірге, дәстүрге, салтқа қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білуі және өзінің кәсіби қызметінде соларға сүйенуі керек;

– іскери этика нормаларын сақтауы, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын игеруі керек;

– Қазақстан халықтарының дәстүрі мен мәдениетін білуі керек;

– әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне төзімділікпен қарауы керек;

– Қазақстан заңнамасының және құқықтық жүйесінің негіздерін білуі керек;

– Қоғамның әлеуметтік дамуының тенденцияларын білуі керек;

– түрлі әлеуметтік жағдайларды дұрыс бағыт ұстана білуі керек;

– командада жұмыс істеуге қабілетті болып, өзінің көзқарасын қорғай біліп, жаңа шешімдер ұсына білуі керек;

– келісімге келе біліп, өз пікірін ұжым пікірімен байланыстыруы керек;

– кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге ұмтылуы керек.

Аталған құзыреттіліктерді қалыптастыруда тілдік пәндердің ерекше маңызға ие болатыны көрінеді. Бұл әсіресе, ана тілін оқыту мәселесінде айрықша өзекті. Себебі ана тілі аталмыш құзыреттіліктерді қалыптастыруға өзінің шеңбері аясында үлкен үлес қоса алады. Сондай-ақ, жоғары білімді гуманитарландыру, ізгілендіру қажеттілігі жағдайында жалпы мәдениеттің маңызды бөлшегі және кәсіби қарым-қатынас жасау құралы ретіндегі ана тілдің маңыздылығы арта түседі. Соның ішінде ана тілі арқылы қалыптасатын интегралды лингвориторикалық құзыреттіліктің алатын орны ерекше. Ол дегеніміз тілді жұмсау амалдары мен мәтін жасау біліктеріне және коммуникативтік (қатысымдық) іс-әрекетіне (риторика) қатысты білімдері мен білік, дағдыларының жиынтығы болып табылады. Субъектінің лингвориторикалық құзыреттілігінің құрылымы тілдік, мәтіндік және коммуникативтік субқұзыреттіліктердің бірлігінен тұрады.

Зерттеу нәтижелері

Мәдениетаралық коммуникация және мультимәдениет жағдайында ана тілін оқытудың өзектілігі одан сайын арта түседі. Мұндай жағдай Еуропа елдерінде, Канада, Ресейде де қалыптасып, адамдар бейтаныс тілдік ортада тіл табысудың жолдарын табуға мәжбүр. Әр ел бұл мәселеге өзінше келіп жатқан жайы бар.

Бұл мәселе Қазақстанда да бар. Бірақ әр ел маманды ең алдымен өзі үшін дайындайтындықтан да өз ана тілінде қатынас жасауға үйрету мәселелерін дұрыс жолға қоюға мүдделі. Ресейде тілдің интеграциялану, тіпті ассимиляциялану қаупі қатты сезіледі. Сол себепті мультимәдениетті қоғамда мәдени саналуандылық пен тіл мәселесі алдыңғы орынға шығады. Үш тілді меңгерту саясатын ұстанатын біздің ел үшін де бұл мәселе өзекті болып табылады. Бұл ретте адамдардың өз ана тілінде сөйлеуіне және оны функционалдық деңгейде сақтауына қолдау көрсету керек.

Қорытынды

Құзыреттілік ұғымын басшылыққа алу білім мазмұнын жаңғыртудың басты шарты. Сол себепті де ЖОО оқытылатын тілдік пәндерді мазмұны жағынан «Тіл мәдениеті» немесе «Іскерлік қарым-қатынас мәдениеті», «Риторика», «Іскерлік қазақ тілі» секілді пәндер негізінде жаңғырту және маман даярлау ісінде тілдің потенциалын барынша пайдалану өте маңызды болып табылады. Алғашқылардың бірі болып қазақша төл оқулық жазған ғалым әрі жазушы Ж. Аймауытұлы «Ана тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге ... тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой пәлсапасын да» меңгеру деп, оның практикалық, өмірлік мәніне ерекше назар аударған болатын [10,132]. Бүгінде ғалымның бұл айтқан тұжырымдары өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Тілді тіл үшін емес, тілді қолданымдық, практикалық тұрғыдан мақсатты түрде оқыту бүгінгі күннің басты талабы.

Әдебиеттер

1. www.edu.gov.kz. Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігінің ресми сайты.
2. Т.Н.Беркалиев. Е.С.Заир-Бек. А.П.Тряпицына. Инновации и качество школьного образования. Научно-методическое пособие для педагогов инновационных школ. С-П.: Изд. Каро,2007.
3. Н.Хомский. О природе и языке. М.:КомКнига, 2010.

4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. М, 2002.
5. <http://budud.narod.ru/psu2.html>
6. Хуторской А. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Журнал «Народное образование», 2003. №2, 60б.
7. Материалы семинаров Министерства образования и науки Республики Казахстан и Фонда Сорос-Казахстана по проекту «Развитие национального стандарта общего среднего образования в условиях изменяющегося мира» 2000-2003гг.
8. Жадрина М.Ж. Образование, ориентированное на результат, как новая модель школьного образования // Открытая школа, 2003, № 12 (25), 3б.
9. Хуторский А. Ключевые компетенции. Технология конструирования. Журнал «Народное образование» №5. 2003.
10. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1998. – 416б.

Ж.М. Бектурганова, К.Ш. Молдасан

КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ – НОВАЯ ТЕНДЕНЦИЯ В ОБРАЗОВАНИИ

В статье рассматриваются понятия и вопросы компетентностного подхода в обучении, роль и место языковых дисциплин в формировании общекультурных и профессиональных компетенции будущих специалистов. Также социальные условия формирования профессиональных компетенции будущих специалистов. Проводится анализ структуры и содержания компетенции в различных странах, а также результаты казахстанских исследователей.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, языковые дисциплины, социально-этическая компетенция, лингвориторическая компетентность, межкультурная коммуникация.

Zh.M. Bekturganova, K.Sh. Moldasan

COMPETENCE-BASED APPROACH IN TRAINING – THE NEW TENDENCY IN EDUCATION

The purpose of the article is questions of competence-based approach in training, a role and a place of language disciplines in formation common cultural and professional competences of future specialists, also social conditions of formation professional competences of future specialists. There were analyzed the structure and the content of competences in various countries, and also results of Kazakhstan researchers.

Keywords: competence, competences, language disciplines, social and ethical competence, linguistics-rhetoriccompetence, cross-cultural communication.